



Каканов Саттар

1924 жылы Торғай облысы, Амангелді ауданы, Сартал ауылсоветінде дүниеге келген. 1932-1934 жылдары Қостанай балалар үйінде тәрбиеленген. 1942 жылдың аяғында әскер қатарына алынып, Тюмень қаласында жасақталып жатқан 100-дивизияның 301-әскери әуе десанты полкінің автоматшылар бөлімшесінің командирі болып тағайындалады. 1944 жылы бұл дивизия Карелия жерінде ұрысқа кіреді. 1945 жылдың көктемінде Венгрия жерін, Австрия, Чехославакияны жаудан босатады. Вена қаласын азат етіп, соғысты Чехославакияда аяқтайды. 1947 жылы елге оралған. 1951-1953 жылдар аралығында Қазақ ССР Юстиция Министрлігі жанындағы Алматы Юристер мектебіне оқуға түсіп, юрист мамандығын бітіреді. 1958-1962 жылдар аралығында Алматы жоғары партия мектебінің толық курсын тамамдап, жоғарғы білім алып шығады. 1940-1942 жылдары Қостанай облысы, Пешков ауданында колхозшы, 1947-1951 жылдары Қостанай облысы, Амангелді ауданында Сартал ауылсоветінің хатшысы қызметінде, 1953-1958 жылдары Қостанай қаласында қалалық комитетінің инструкторы, 1962-1963 жылдары Қамысты ауданында Орқаш партия ұйымының бірінші хатшысы, 1963-1965 жылдары Қамысты ауданы Бестөбе УМСХ мұғалімі болып, одан кейін 1965-1966 жылдары Қостанай ауданында Соколов атындағы сегізжылдық мектебінде директор, 1966-1972 жылдары Торғай облысы, Амангелді ауданында аудан комитетінің партиясында инструктор болып қызмет жасады. Осы жылы №154 кәсіптік училищеде директордың орынбасары қызметінде және сәуір айынан бастап оқытушы болып жұмыс атқарған. 1985 жылы Ұлы Отан соғысының 40-жылдығына орай «Ұлы Отан

соғысының II дәрежелі» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен, «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен, 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен, 2000 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған.